

ТІЛ БІЛІМІ

Қазақ тілі стилистикасының өзекті мәселелері.

Б.Шалабай,
филология ғылымдарының
докторы, профессор.

Әр бір ғылымның зерттеу нысаны және зерттеу пәні болады. Стилистиканың да зерттеу нысаны мен пәні бар: зерттеу нысаны – тіл және сөз, яғни тілдік жүйе мен оның сөздік тұрғыдан іске асуы (қолданыстағы тіл). Басқа тілдік пәндерден өзгешелігі стилистика тіл мен сөзді ерекше тұрғыдан, ерекше қырынан зерттейді. Міне, осы ерекше қыр – стилистиканың пәнін құрайды.

Ол ерекше қырды қолданылған тілдік құралдарды қарым-қатынастың мақсаты мен жағдайына, сөйлеудің формасы (ауызша-жазбаша) мен түріне (монолог-диалог), жанрына және сөйлеушінің даралық ерекшелігіне сәйкестігі тұрғысынан бағалау (баға беру) деп түсінуге болады. Демек, тілдік деректерге бағалаушытық қатынасты білдіруін стилистикалық зерттеудің пәні деуімізге болады.

Мамандар стилистикалық зерттеудің мынадай бағыттарын, түрлерін бөліп көрсетеді:

- 1) Тілдік құралдардың стилистикасы;
- 2) Функционалды стилистика;
- 3) Көркем әдебиет стилистикасы;
- 4) Практикалық стилистика (1,7).

Тілдік құралдардың стилистикасы (құрылымдық стилистика) - әріден келе жатқан дәстүрлі сала. Ол тілдің стилистикалық бояуға ие құралдарын, олардың мәнерлегіш, көріктеуіш сапаларын зерттейді. Функционалды стилистика тілдің функционалды стильдерін қарастырса, көркем әдебиет стилистикасы тілдік құралдардың көркем шығармадағы «өмірін», өнер құбылысы ретіндегі болмыс-табиғатын зерделейді. Практикалық стилистика мен сөз мәдениеті тығыз байланысты. Бұл екеуі де тілдік норманы сақтауға қажет түрлі ұсыныстар береді, яғни қолданбалы бағытта болады. Ең бастысы ол – сөздің дұрыстығы, яғни сөзді тілдік және стилистикалық нормаларға сәйкес қолдану тұрғысынан баға береді.

Стилистиканың жоғарыдағы салаларынан өзге сөз стилистикасын бөліп көрсетуге болады. Тіл стилистикасы мен сөз стилистикасы ұғымдарын ажыратып қарау қажеттігі тіл ғылымының әсіресе қазіргі даму сатысында аса маңызды. Бұны кезінде В.В.Виноградов көрсеткен, қазір стилистикалық

зерттеулердің жаңа дәрежесі сөз стилистикасына ерекше көңіл бөлуді қажет етіп отыр. Ол мәтін лингвистикасының дамуына байланысты.

Тіл сөзде, шығармаларда өмір сүреді, ал әр бір сөйленген сөз не жазылған шығарма мәтін түрінде көрініс табады. Мәтіндер көлемі мен тілдік пішімі, құрылымы мен стилистикалық бояуы жағынан әр түрлі. Осы ерекшеліктер және мәтінді барлық қырынан алып зерттеу қажеттігі мәтін лингвистикасын туғызды.

Мәтіннің ерекшеліктерін туғызатын не нәрсе дейтін сұрақ қойсақ, оған бір сөзбен – «адам» деп жауап беруге болады, дәлірек айтқанда, авторлық ниет, мақсат.

Бір ойды, бір мәселені, бір мазмұнды ғалым бір түрлі формада, көсем сөзші екінші түрлі формада, ал көркем сөз шебері үшінші түрлі формада жеткізеді. Осыдан барып мәтінді құрудың әр стиль түрлерінен туындайтын ерекшеліктері шығады. Бұл ерекшелікті, бір жағынан, сол стиль түріне байланысты тарихи қалыптасқан ұжымдық сөз қолданыс сипаты айқындаса, екінші жағынан, ол сөздің иесі - әр түрлі мінездегі, әр түрлі жастағы, жыныстағы, оқыған –тоқығаны әр түрлі жеке адам түр ғой. Міне, сөз құрылымының сипаты осы жағдайлармен анықталады.

Мәтін мәтін лингвистикасының ауқымында әр түрлі қырынан алып зерттеледі: синтаксистік құрылымы жағынан, яғни, оны құраушы бірліктердің өзара байланысы қандай екендігі тұрғысынан; семантикасы жағынан – яғни, оның мағыналық бір бүтіндігі, тұтастығы тұрғысынан; прагматикалық жағынан – автор мен қабылдаушы арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан; т.б.

Бұл мәселелердің бір бөлігін шешуге мәтін стилистикасы көмекке келеді. Мәтін стилистикасы мәтіннің мазмұндық жағы мен пішімдік (формалық) жақтарын мәтін құраушының мақсаты мен көзқарасы, яғни, ниеті тұрғысынан және қарым-қатынастың жағдайы мен шарттарына сәйкес берілуі тұрғысынан біріктіріп зерттеуді жүзеге асырады.

Осы тұрғыдан стилистика қарым-қатынастың мақсаты мен шарттарына анағұрлым сай келетін тілдік құралдарды пайдалану мәселесін шешуге және онда қолданылған тілдік құралдардың стилистикалық сапа-қасиеттерін бағалауға көмектеседі.

Сөйтіп, сөз стилистикасы немесе мәтін стилистикасы, мәтін құраушы тілдік (және тілдік емес) элементтердің жүйесін анықтап, талдауды жүзеге асырады. Ал бұл мәселе қазақ тілі стилистикасында әлі толыққанды зерттеу нысаны бола қойған жоқ - күн тәртібінде тұр.

Сөз стилистикасының міндеті – ауызша және жазбаша сөздің көптеген стильдері мен жанрларын зерттеу.

Тіл стилистикасының (тілдік құралдардың стилистикасы мен функционалды стилистика) ұғымдары мен терминдеріне: стилистикалық бояу, эмоционалды-экспрессивтік бояу, функционалды-стильдік бояу, тілдің функционалды стильдері дегендер жатса, сөз стилистикасының ұғымдарына мыналар жатады: мәтін, сөз жанры, сөз стильдері, мәтін композициясы, автор бейнесі, сөздің түрлері (монолог, диалог), мәтіннің коммуникативтік-

мағыналық түрлері, стилистикалық мағына, стилистикалық тәсіл, коммуникативтік мақсат.

Әрине, сөз стилистикасы өз мәселелерін тіл стилистикасына сүйене отырып шешеді.

Тіл ғылымы тарихындағы ұлы жаңалықтардың бірі – тілдің қос қырлылығының, яғни, оның жүйелілігі (тілдік бірліктердің жиынтығы) мен қызмет ететіндігінің (қозғалмалылығы) ашылуы болды. Тіл осы екеуінің бірлігінен тұрады. Мұның бір жағы – құрылымдық, жүйелілік жағы жеткілікті дәрежеде зерттелсе, функционалдық жағы (сөз тудырушылық аспектісі) енді ғана зерттеле бастады.

Тіл - өте күрделі, көп қырлы құбылыс: сондықтан оны бірден тұтастықта алып зерттеу мүмкін емес, жеке бір қырынан келіп – логикалық, құрылымдық-жүйелік, психологиялық т.б. тұрғыдан зерттеуге болады.

20 ғасыр тіл ғылымының үлкен жетістігі деп тілдің жүйесін, оның құрылымдық ұйымдасуын жан-жақты қарастыруды айтуға болады. Бірақ бұл тілдің кейбір мәнді белгілерін анықтауға жеткізе алмады. Соңғы кездері тілді зерттеуде коммуникативтік-функционалдық бағыт кең өріс алып, тілдің функционалдық - жағына, сөйлеуге, мәтінге көңіл аударыла бастады.

Шынында, тілді тек жекелеген бірліктерінің жүйесі деп анықтау жеткіліксіз, өйткені жеке тілдік бірліктер болсын, не, тіпті, тілдің тұтас жүйесі болсын, әлі коммуникативтік қызмет атқармайды. Жеке тілдік тұлға мен жүйеде ол жасырын түрде ғана болады. Бұл маңызды әлеуметтік қызметтің нақты жүзеге асуы тіл шынайы қарым-қатынас процесінде қолданысқа түскенде ғана мүмкін болады. Тек осы жағдайда тіл қызмет атқарушы жүйе түрінде көрінеді.

Тілді жүйе мен оның қызметінің (қолданымының) бірлігі ретінде түсіну ғана оның коммуникативтік табиғатын толық түсіндіре алады. Мұнда қызмет ету дегенді тек тілдік жүйені сөйлеу актісінде пайдалану деп қана емес, сонымен қатар тілді жалпы қарым-қатынас процесінде пайдалану деп түсіну керек; қарым-қатынастың мақсаты мен міндеттерін орындау үшін тілдің көптеген сыртқы факторлардың әсерімен қолданысқа түсуі дегенді білдіреді. Осы жай сөйлем айтылымның мағыналық жағын байытады.

Сөзде заттардың (олардың әртүрлі топтарының) белгіленуі, ұғымның бейнеленуі қарым-қатынас үшін, тілдің коммуникативтік мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін әлі де жеткіліксіз болады. Қарым-қатынас процесінде контексте сөздердің жалпыланған мағыналарын нақтылау жүріп жатады. Өйткені, тілдік тұлғаларды (тіпті, сөздерді) сөйлеушілер шамамен бірдей мағынада қолданады. Сондықтан сөйлеу кезінде (әсіресе, жазба түрдегі) «сөз азабы» деген туады (ол ақын, жазушыларға ғана тән емес). Ауызша сөзде дәл – сіздіктердің, оғаш құрылған сөйлемдердің болуы сондықтан. Әдетте қарым-қатынастағы мұндай кедергілерді вербалды емес амалдардың көмегімен игереді.

Сөз тудыру – шығармашылық процесс, ол аз дәрежеде автоматтандырылған және әртүрлі салада бірдей болмайды. Тілдік қатынаста стандарт, әрине, негіз, тірек болады, бірақ толыққанды, тиімді қарым-

қатынас жасау үшін тілдің бұл қасиеті жеткіліксіз. Өйткені шынайы қарым-қатынастың алдын-ала болжап болмайтын нәзік иірімдері толып жатады.

Сөйлеу қызметінің шығармашылық сипаты туралы Л.В.Щерба былай деп жазды: «... Сөйлеу процесінде бұрын айтылғанды немесе естігенімізді жай ғана жиі қайталасақ та, алайда ... сөйлеуде бұрын естімеген тұлғаларды, сөздерді жиі қолданамыз, қолданып қана қоймаймыз, үнемі жаңа тіркесімдер жасап отырамыз» (2 – 24). Тілдің қолданысы тілдік тұлғалардың мағынасын синтагматика қағидалары бойынша жай қоса салу емес, сондықтан сөз оны құру үшін пайдаланылған тілдік тұлғалардың мағыналарының механикалық қосындысынан тұрмайды. Өзара түсінісу қарым-қатынас контекстінде пайда болатын «жаңа қолданымдардың» көмегімен (солардың негізінде) жүзеге асады. Мысалы, тілдегі жаңа қолданыстар (метафора, метонимия т.б. яғни, сөздердің, тіркестердің жаңа мағыналары) тіл жүйесінде алдын ала белгіленбейді, сондықтан белгілі бір кезеңге дейін ешкімге белгісіз болады, алайда тыңдаушыадам оны бірінші рет естігенде мағынасын бірден түсінеді (контекстегі белгісіз сөздерді түсіну тілдің осы қасиетіне негізделеді).

Сөздің шығармашылық аспектісі айтылғанның (жазылғанның) ерекше мәнерлігіне, әсерлігіне байланысты, ал бұның өзі стилистикалық құбылысқа жатады. Тіл жүйесінің «құпиялылығы» - оны шығармашылық тұрғыдан пайдалану мүмкіндігінде жатыр.

Тіл мен сөз, дәлірек айтқанда, тілдің жүйелік (құрылымдық) және қолданымдық аспектілері өзара бірлікте, бірақ бірдей емес. Қолданыс кезінде тілдің бай шығармашылық мүмкіндіктері ашылады. Олар тілден тысқарғы шексіз жағдаяттар мен әсерлерге байланысты әрдайым жаңадан туындап отырады. Тіл жүйесінде алдын ала қалыптастырылған мағыналық мазмұн электронды есептегіш машиналары үшін әрине тиімді, бірақ ол тілдегі шығармашылықты жоққа шығарады. Шынында, табиғи тұрғыдағы тіл мен ойлау тілдегі осы жалпыланғандық пен стандарттылықты әрдайым еңсеріп отырады. Тілдің жоғарыдағы белгілері (дайын үлгі, стандарттылық) – бұлар әрі қажетті, әрі пайдалы да, бірақ тілді қолдану процесінде кедергілер де жасайды.

Тілдік жүйенің коммуникативтілігі толық көлемінде тек қарым-қатынас процесінде ашылады. Тілдік құралдардың барлық стилистикалық-мағыналық реңктері, мәнерлілігі, стилистикалық әсері, орындылығы, қажеттілігі тілдің қолданысында ғана айқындалады. Сөйтіп, тілдің стилистикалық феномені, яғни тілдегі стилистикалық мән о бастан функционалдық сипатқа ие. Тілді танып білу және оны сипаттау үшін жүйелілігіне қоса функционалдық аспектісін де ескеру керек. Сондықтан тіл грамматикасымен қоса жұмсалым грамматикасы (функционалды грамматика) да пайда болып дами бастады.

Қорыта келгенде, функционалды стилистика тілдің қарым-қатынастың әртүрлі салалары мен жағдаяттарында қолдануының заңдылықтарын зерттейді, басқаша айтқанда, ол үшін тілдің функционалдық аспектісі арнайы зерттеу пәні болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Шалабай Б. Қазақ тілінің стилистикасы. А., 2006.
2. Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. Л., 1974

Özet

Bu makalede Çağdaş Kazak Dili Üslubunun güncel soruların metin inceleme alanındaki söz üslubu açısından ele alınmaktadır

Резюме

В статье рассматриваются актуальные проблемы стилистики современного казахского языка, в частности проблемы стилистики речи с точки зрения изучения текста.

Resume

The article examines the actual problems of modern Kazakh Language stylistics, particularly the problems of speech stylistics from the point of view of the Text Linguistics.

«...Үш- ақ нәрсе- адамның қасиеті. Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек...»

Абай
